

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ФЦС ФММ
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ФГУ ФЦС
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
4.1 Мақсаты	4
4.2 Функционалдық талаптары	5
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	6
6 ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛЫ МЕЗГІЛІНДЕГІ ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЫЛУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ.....	7
7 ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ АУА ӨТУІНЕ КЕДЕРГІСІ	8
8 ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ БУ ӨТУІНЕ КЕДЕРГІСІ.....	9
9 ЕДЕН БЕТТЕРІНІҢ ЖЫЛУ СІңІРУІ	10
10 ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ	10
11 ҒИМАРАТ ЖОБАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	11

КІРІСПЕ

Осы «Ғимараттардың жылу қорғанысы» құрылыс нормалары негізгі ережелерді, сондай-ақ салынып жатқан, қайта құрылатын тұрғын, қоғамдық, өндірістік, ауыл шаруашылық және қойма ғимараттарының жылу қорғанысын жобалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы құрылыс нормалары жобаланатын конструкцияларға:

- нормативтік талаптардың мақсатын;
- функционалдық талаптарды;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы «Ғимараттардың жылу қорғанысы» құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде міндетті негізде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖЫЛУ ҚОРҒАНЫСЫ

ТЕПЛОВАЯ ЗАЩИТА ЗДАНИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы құрылыс нормалары халықаралық нормалау қағидаларына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді дамыту және нақтылау үшін әзірленген. Осы құрылыс нормалары ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша техникалық регламенттердің дәлелдемелік базасына енетін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың техникалық кедергілерін жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормалары белгілі бір температуралық-ылғалдық режимді ұстап тұруды қажет ететін, ауданы 50 м² асатын салынып жатқан және қайта құрылатын тұрғын, қоғамдық, өндірістік, ауыл шаруашылық және қойма ғимараттарының (ары қарай – ғимараттар) жылу қорғанысын жобалауда қолданылады.

Нормалар:

- діни ғимараттардың;
- мезгілді (аптасына 3 күннен аз) немесе маусымдық (жылына үздіксіз үш айдан аз уақыт) түрде жылытылатын тұрғын және қоғамдық ғимараттардың;
- пайдалану мерзімі екі жылыту маусымынан аспайтын уақытша ғимараттардың;
- жылыжайлардың, көшетханалардың және тоңазытқыш ғимараттарының;
- мәдени мұра объектілеріне (тарих және мәдениет ескерткіштеріне) жататын ғимараттардың, құрылыстардың;
- қосалқы қолданыстағы құрылыстардың;
- жалпы ауданы елу шаршы метрден аз болатын жеке тұрған ғимараттардың, құрылыстардың жылу қорғанысына таралмайды.

Аталған ғимараттардың жылу қорғаныстық деңгейі – тиісті нормалармен, ал олар болмаған жағдайда, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, меншік иесінің (тапсырыс берушінің) шешімі бойынша белгіленеді.

Осы нормалар сәулеттік-тарихи мәні бар ғимараттарды салу және қолданыстағыларын қайта құру кезінде әрбір нақты жағдайда билік органдарының шешімдері мен тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарымен келісу негізінде олардың тарихи құндылықтарын есепке ала отырып қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі № 242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы.

16.01.2009 ж. № 14 «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚНжЕ 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2002 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНжЕ 2.04-01-2001* Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНжЕ 3.02-02-2001 Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар.

ҚР ҚНжЕ 3.02-04-2002 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ҚНжЕ 3.02-06-2009 Шатырлар мен жабындар.

ҚР ҚН 2.04-21-2004 Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылу қорғанысы.

ЕСКЕРТПЕ Осы құрылыс нормаларын пайдалану кезінде сілтемелік нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасы аумағында әрекет етуін, соның ішінде нормативтік құқықтық актілер қорының тізімдері, ағымдағы жылдың 01 қаңтарындағы ахуал бойынша жыл сайын басып шығарылатын Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары мен Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіштері және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормаларды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмастан, алып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалатын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында қолданыстағы нормативтік құжаттарда тиісті анықтамаларымен келтірілген терминдер, сондай-ақ келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Ғимараттың жылу қорғанысы: Үй-жайлардағы ауаның мүмкін болатын шектерден аспайтын алмасуын есепке ала отырып, ғимараттың жылу энергиясын (жылу келуін) шығындауының берілген деңгейін, сондай-ақ олардың ауа өткізгіштігін және оның үй-жайлары микроклиматының оңтайлы параметрлерінде қатты дымқылданудан қорғалуын қамтамасыз ететін, ғимараттың сыртқы және ішкі қоршау конструкциялары жиынтығының жылу қорғау қасиеттері.

3.2 Жылыту кезеңінде ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының үлестік шығыны: Аудан бірлігіне немесе жылытылатын көлем бірлігіне және жылыту кезеңінің градустық тәулігіне жататын, үйдегі жылу және ауа режимінің нормаланған параметрлері кезіндегі ауа алмасуды және қосымша жылу бөлуді есепке ала отырып, ғимараттың жылу ысыраптарының орнын толтыру үшін қажет болатын жылыту кезеңіндегі жылу энергиясының қалыптанған мөлшері.

3.3 Энергетикалық тиімділік сыныбы: Базалық нормаланған мәннен %-бен алғандағы, жылыту мен желдетуге жұмсалатын энергияны үлесті жылдық тұтыну

мәндерінің аралығымен сипатталатын ғимараттың энергетикалық тиімділік деңгейін белгілеу.

3.4 Ғимарат жобасының энергетикалық төлқұжаты: Қолданыстағы ғимараттардың, сондай-ақ ғимараттар мен олардың қоршау конструкциялары жобаларының энергетикалық, жылу-техникалық және геометриялық сипаттамаларын мазмұндайтын және олардың нормативтік құжаттардың талаптары мен энергетикалық тиімділік сыныбына сәйкестігін белгілейтін құжат.

3.5 Үй-жайдың микроклиматы: Үй-жайдың ішкі ортасының адамға ықпал ететін, ауа температурасы мен қоршау конструкциялары, ауаның ылғалдылығы мен қозғалғыштығы көрсеткіштерімен сипатталатын жай-күйі.

3.6 Үй-жайлар микроклиматының оңтайлы параметрлері: Адамға ұзақ уақыт және жүйелі түрде ықпал ету кезінде жылу реттеу механизмдерінің ең аз кернеуінде ағзаның жылулық күйін және үй-жайдың ішіндегі адамдардың 80 %-дан кем емес санының өздерін жайлы сезінулерін қамтамасыз ететін микроклимат көрсеткіштері мәндерінің үйлесімі.

3.7 Ғимараттағы қосымша жылу бөлінулері: Ғимараттың үй-жайларына адамдардан, қосулы энергия тұтыну аспаптарынан, жабдықтан, электр қозғалтқыштарынан, жасанды жарықтандырудан ж.т.б., сондай-ақ ішке енетін күн радиациясынан берілетін жылу.

3.8 Ғимараттың жинақылық көрсеткіші: Ғимараттың сыртқы қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жалпы ауданының олардың ішіндегі жылытылатын көлемге қатынасы.

3.9 Ғимарат қасбетін әйнектеу коэффициенті: Жарық түсетін ойықтар ауданының жарық түсетін ойықтарды қоса алғандағы ғимарат қасбетінің сыртқы қоршау конструкцияларының жиынтық ауданына қатынасы.

3.10 Ғимараттың жылытылатын көлемі: Ғимараттың сыртқы қоршауларының – қабырғалардың, жабындардың (шатыр жабындарының), бірінші қабаттағы еден жабындарының немесе, жертөле жылытылатын жағдайда, жертөле едені жабындарының ішкі беттерімен шектелген көлем.

3.11 Жылдың суық (жылыту) мезгілі: Ғимараттың түріне қарай сыртқы ауаның 10 немесе 8°C-қа тең және одан төмен болатын орташа тәуліктік температурасымен сипатталатын жыл мезгілі.

3.12 Жылдың жылы мезгілі: Ғимараттың түріне қарай ауаның 8 немесе 10°C-тан жоғары болатын орташа тәуліктік температурасымен сипатталатын жыл мезгілі.

3.13 Жылыту кезеңінің ұзақтығы: Ғимараттың түріне қарай сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы тұрақты түрде 8 немесе 10°C-қа тең және одан төмен болғанда, бір жылдағы тәуліктердің орташа статистикалық санын беретін ғимаратты жылыту жүйесінің жұмыс істеу уақытының есепті кезеңі.

3.14 Жылыту кезеңіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы: Жылыту кезеңіндегі сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы бойынша орташаландырылып алынған сыртқы ауаның есепті температурасы.

3.15 Қоршау конструкциясы фрагментінің жылу беруге келтірген кедергісі: Жылу берудің стационарлық жағдайында ғимараттың жылу қорғау қабықшасының

фрагменті арқылы өтетін жылу ағынының аудан бойынша орташаланған тығыздығын сипаттайтын, саны жағынан фрагменттің әр жағындағы температуралар айырмашылығының фрагмент арқылы өтетін жылу ағынының ауданы бойынша орташаланған тығыздығына қатынасына тең болатын физикалық шама.

3.16 Қоршау конструкциясының жылу беруге шартты кедергісі: Саны жағынан жылу-техникалық әркелкіліктері жоқ шартты қоршау конструкциясының жылу беруге келтірген кедергісіне тең болатын физикалық шама.

3.17 Жылу-техникалық біркелкілік коэффициенті: Саны жағынан қоршау конструкциясының фрагменті арқылы өтетін жылу ағынының беттік ауданы фрагменттің ауданымен бірдей болатын шартты қоршау конструкциясы арқылы өтетін жылу ағынына қатынасына тең болатын өлшемсіз көрсеткіш.

3.18 Қоршау конструкциясының жылу-техникалық тұрғыдан әркелкі фрагменті (жылу-техникалық әркелкілік): Қоршау конструкциясының бірдей температура сызықтары бір-бірімен параллель орналаспайтын фрагменті.

3.19 Сызықты жылу-техникалық әркелкілік арқылы жылудың үлесті ысыраптары: Сызықты жылу-техникалық әркелкіліктің ұзындық бірлігіне жатқызылған жылудың үлесті ысыраптары.

3.20 Нүктелі жылу-техникалық әркелкілік арқылы жылудың үлесті ысыраптары: Бір нүктелі жылу-техникалық әркелкілікке тиесілі жылудың үлесті ысыраптары.

3.21 Ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы: Ғимараттың жылу қорғау қабықшасының сипаттамасы. Саны жағынан температура 1°C ауытқыған кезде ғимараттың жылу қорғау қабықшасы арқылы жылытылатын көлем бірлігінің уақыт бірлігінде жұмсайтын жылу энергиясы ысыраптарына тең физикалық шама.

3.22 Ғимараттың жылу қорғау қабықшасы: Ғимараттың жылытылатын көлемін шектейтін тұйық контур құрайтын қоршау конструкцияларының жиынтығы.

3.23 Шық нүктесі: Белгілі бір температурадағы және салыстырмалы ылғалдылықтағы ауада конденсат түзіле бастайтын температура.

3.24 Энергетикалық тиімділік: Энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттама.

3.25 Энергия үнемдеу: Энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болатын тиісті пайдалы әсерді сақтай отырып, пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, құқықтық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру.

4 ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Мақсаты

Осы құрылыс нормалары функционалдық талаптарының мақсаты үнемділік және төзімділік, адамдардың денсаулықтары мен өмірлеріне, қоршаған ортаға зиян келтіретін қолайсыз тәуекелдердің туындауына жол бермеу, қолайлы микроклиматтық ортаны қамтамасыз ету аспектілерін есепке ала отырып, қауіпсіздік, сенімділік, пайдалануға

жарамдылық талаптарына сай болатын ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау және қалыптастыру болып табылады.

4.2 Функционалдық талаптары

4.2.1 Осы құрылыс нормалары ғимараттардың жылу қорғанысына, соның ішінде:

- сыртқы ортаның қолайсыз ықпалдары кезінде адамдардың өмірлері мен денсаулықтары үшін қауіпсіздікті (соның ішінде ғимараттарды пайдалану барысында адамдарға қажетті жағдайларды) қамтамасыз етуге;

- әр түрлі табиғи және техногендік ықпалдар мен құбылыстар кезінде ғимараттардың қорғалуын және қажетті деңгейде сақталуын қамтамасыз етуге;

- қоршаған ортаны қорғауға;

- ғимараттардың энергетикалық тиімділігін арттыруға және құрылыс салу мен пайдалану кезінде жаңғыртылмайтын табиғи ресурстар шығынын азайтуға қойылатын, қолданылуы міндетті, ең аз мөлшердегі қажетті талаптарды белгілейді.

4.2.2 Ғимараттарды жобалау:

- адамдардың тіршілік етулері және технологиялық немесе тұрмыстық жабдықтың жұмыс істеуі үшін қажетті берілген микроклимат параметрлерін;

- жылу қорғанысын;

- қоршау конструкцияларының қатты дымқылданудан қорғалуын;

- жылыту кезеңінде жылыту мен желдетуге жұмсалатын жылу энергиясы шығынының тиімділігін;

- конструкциялардың қажетті сенімділігі мен төзімділігін қамтамасыз ету мақсатында, осы нормаларда келтірілген қоршау конструкцияларына қойылатын талаптарды есепке ала отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

Қоршау конструкцияларының төзімділігін қажет болған жағдайда конструкциялар элементтерін арнайы қорғауды қарастыра отырып, тиісті төзімділіктегі (аязға төзімділік, ылғалға төзімділік, биотөзімділік, коррозияға төзімділік, температуралық ықпалдарға, соның ішінде циклдік ықпалдарға, қоршаған ортаның басқа да қиратушы ықпалдарына төзімділік) материалдарды қолдану арқылы қамтамасыз ету қажет.

4.2.3 Нормаларда:

- ғимараттың қоршау конструкцияларының жылу беруге келтірген кедергісіне;

- ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасына;

- жылдың суық мезгілінде ең аз температураның шектелуіне және тігінен әйнектелген жарық өткізгіш конструкциялардан басқа қоршау конструкцияларының ішкі бетінде ылғалдың түзілуіне жол бермеуге;

- жылдың жылы мезгілінде қоршау конструкцияларының және жылдың суық мезгілінде ғимараттардағы үй-жайлардың жылу тұрақтылығына;

- қоршау конструкцияларының ауа өткізгіштігіне;

- қоршау конструкцияларының ылғалдық күйіне;

- еден беттерінің жылу сіңіруіне;

- ғимараттың энергетикалық тиімділік көрсеткішіне;

- ғимараттардың энергетикалық тиімділік сыныбына;

- Энергетикалық төлқұжат құрамына қойылатын талаптар белгіленеді.

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Ғимараттың жылу қорғанысы құрылыс нормаларының талаптарына, сондай-ақ келесі талаптарға жауап берулері тиіс:

а) жекелеген қоршау конструкцияларының жылу беруге келтірген кедергісі нормаланатын мәндерден кем болмауы тиіс (әр элементке қойылатын талаптар);

ә) ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы нормаланатын мәндерден артық болмауы тиіс (кешенді талап);

б) қоршау конструкцияларының ішкі беттеріндегі температура мүмкін болатын ең аз мөлшердегі мәндерден төмен болмауы тиіс (санитарлық-гигиеналық талап).

Ғимараттың жылу қорғау талаптары а), ә) және б) талаптарын бірге орындаған жағдайда орындалады.

Әр элементке қойылатын талаптар

5.2 Қоршау конструкциясының жылу беруге келтірген кедергісінің нормаланған мәнін, құрылыс салынатын өңірдегі жылыту кезеңінің градус-тәулігіне (ЖКГТ) қарай қабылданатын қоршау конструкциясының жылу беруге талап етілетін кедергісінің базалық мәнін және құрылыс салынатын өңірдің ерекшеліктері ескерілетін коэффициентті есепке ала отырып, анықтау қажет.

5.3 Балкон есіктерінің саңылаусыз бөлігінің жылу беруге келтірген нормаланған кедергісі осы конструкциялардың жарық өткізетін бөлігінің жылу беруге нормаланған кедергісінен 1,5 еседен кем емес шамада жоғары болуы тиіс.

5.4 23 Вт/м³-тан асатын жылуы анық мол ғимараттар үшін жылу берілуіне кедергінің нормаланған мәндері әрбір нақты ғимарат үшін арнайы техникалық шарттармен анықталуы тиіс.

5.5 Сыртқы қабырғалардың жылу беруге келтірген кедергісін ойықтардың толтыруларын есепке алмастан, олардың құламаларын есепке ала отырып, барлық қасбеттер үшін есептеу қажет.

5.6 Топырақпен жанасатын қоршау конструкцияларының жылу беруге келтірген кедергісін әзірленген әдістемелер бойынша анықтау қажет.

5.7 Жарық өткізетін конструкциялардың (терезелердің, балкон есіктерінің, фонарьлардың) жылу беруге келтірген кедергісі аккредиттелген зертханадағы сынақтар нәтижелері бойынша қабылданады; мұндай мәліметтер болмаған жағдайда, мәндерді нормативтік ережелерде мазмұндалған мәліметтерге сәйкес қабылдау қажет.

5.8 Желдетілетін ауа қабаты бар қоршау конструкцияларының жылу беруге келтірген кедергісі есепке сәйкес қабылдануы тиіс.

Кешенді талап

5.9 $k_{көл}^{тал}$ Вт/(м³ °С) ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасының нормаланатын мәнін ғимараттың жылытылатын көлемі мен құрылыс ауданындағы жылыту кезеңінің градус-тәулігіне қарай қабылдау қажет.

5.10 $k_{көл}$ Вт/(м³ °С) ғимараттың үлестік жылу қорғау сипаттамасы әзірленген әдістемелер бойынша есептеледі.

Санитарлық-гигиеналық талап

5.11 Жылу өткізгіш қосындылар аймағында, бұрыштар мен терезе құламаларында, сондай-ақ зениттік фонарьлар маңында қоршау конструкциясының (жарық өткізетін тік конструкцияларды қоспағанда) ішкі бетінің температурасы есептік формулаға берілген түсіндірмелерге сәйкес қабылданатын t_c , °C сыртқы ауаның есепті температурасы кезіндегі ішкі ауаның шық нүктесінен төмен болмауы тиіс.

5.12 Ғимараттардың (өндірістік ғимараттардан басқа) жарық өткізетін тік конструкцияларын әйнектеудің ішкі бетінің ең төменгі температурасы белгіленген нормалардан төмен болмауы тиіс.

5.13 Қоршау конструкциясының ішкі бетінің температурасы жылу-техникалық әрқелкілігі бар барлық аймақтардың температуралық өрістерін есептеу нәтижелері бойынша немесе аккредиттелген зертхананың климаттық камерасындағы сынақтар нәтижелері бойынша тексеріледі.

5.14 Шық нүктесін анықтау үшін ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы белгіленген нормаларға сәйкес қабылдануы тиіс.

Жылу қорғанысы есептеріне арналған сыртқы климаттық жағдайлар

5.15 Сыртқы ауаның есепті температурасы тиісті қалалық немесе селолық елді мекен үшін 0,92 қамтамасыздандырылумен ең суық бескүндіктегі орташа температура бойынша қабылдануы тиіс. Нақты елді мекен үшін мәліметтер болмаған жағдайда, есепті температураны ең жақын елді мекен үшін қабылдау қажет.

5.16 Жылыту кезеңінің ұзақтығы және жылыту кезеңі ішіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы тиісті қала немесе елді мекен үшін қабылдануы тиіс. Нақты елді мекен үшін мәліметтер болмаған жағдайда, жылыту кезеңінің есепті параметрлерін ең жақын елді мекен үшін қабылдау қажет.

6 ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛЫ МЕЗГІЛІНДЕГІ ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЫЛУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ

6.1 Шілде айының орташа айлық температурасы 21°C және одан жоғары аудандарда тұрғын ғимараттардың, аурухана мекемелерінің (ауруханалардың, клиникалардың, стационарлар мен госпитальдардың), диспансерлердің, амбулаториялық-емханалық мекемелердің, перзентханалардың, сәбилер үйлерінің, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерінің, балабақшалардың, бөбекханалардың, бөбекхана бақшаларының (комбинаттардың) және балалар үйлерінің, сондай-ақ жылдың жылы мезгілінде жұмыс аймағында ауа температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығының оңтайлы параметрлерін сақтау немесе технология шарттары бойынша температураны немесе ауа температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын тұрақты етіп ұстау қажет болатын өндірістік ғимараттардың қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғалары мен аражабын/жабындарының) ішкі беті температурасының есепті ауытқу шегі қоршау конструкциясының ішкі беті температурасының нормаланатын ауытқу шегінен аспауы тиіс.

6.2 Қоршау конструкцияларының ішкі беті температурасының ауытқу шегін сыртқы

ауа температурасының есепті ауытқу шегін және қоршау конструкциясындағы сыртқы ауа температурасы есепті ауытқу шегінің жоғалу шамасын есепке ала отырып, анықтау қажет.

6.3 Жылу өткізгіш қосындылары бар көп қабатты әртекті қоршау конструкциясы үшін қоршау конструкциясындағы сыртқы ауа температурасы есепті ауытқу шегінің жоғалу шамасы қолданыстағы стандарттарға сәйкес анықталуы тиіс.

6.4 Қоршау конструкциясының жылу инерциясы көп қабатты конструкцияның барлық қабаттарының жылу инерциясы мәндерінің жиынтығы ретінде анықталуы тиіс.

6.5 Қоршау конструкциясының жекелеген қабаттарының сыртқы бетінің жылу сіңіру коэффициенттерін анықтау үшін конструкцияның әрбір қабатының жылу инерциясын алдын ала есептеп алу қажет.

6.6 Жылу инерциясы $D \geq 1$ болатын қабаттың сыртқы бетінің жылу сіңіру коэффициенті конструкцияның осы қабаты материалының есепті жылу сіңіру коэффициентіне тең болып қабылдануы тиіс.

6.7 Жылу инерциясы $D < 1$ болатын қабаттың сыртқы бетінің жылу сіңіру коэффициенті бірінші қабаттан бастап (қоршау конструкциясының ішкі бетінен бастап санағанда) есептеу арқылы анықталуы тиіс.

6.8 Шілде айының орташа айлық температурасы 21°C және одан жоғары аудандарда тұрғын ғимараттардың, аурухана мекемелерінің (ауруханалардың, клиникалардың, стационарлар мен госпитальдардың), диспансерлердің, амбулаториялық-емханалық мекемелердің, перзентханалардың, сәбилер үйлерінің, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерінің, балабақшалардың, бөбекханалардың, бөбекхана бақшаларының (комбинаттардың) және балалар үйлерінің, сондай-ақ жұмыс аймағында ауа температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығының оңтайлы параметрлерін сақтау немесе технология шарттары бойынша температураны немесе ауа температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын тұрақты етіп ұстау қажет болатын өндірістік ғимараттардың терезелері мен фонарьлары үшін күннен қорғайтын құрылғылар қарастырылуы тиіс.

Күннен қорғайтын құрылғының жылу өткізу коэффициенті нормаланатын шамадан аспауы тиіс.

7 ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ АУА ӨТУІНЕ КЕДЕРГІСІ

7.1 Жарық түсетін ойықтардың толтырушыларын (терезелерді, балкон есіктері мен фонарьларды) есепке алмағанда, ғимараттар мен құрылыстардың қоршау конструкцияларының ауа өтуіне кедергісі есептеу арқылы анықталатын ауа өтуіне нормаланатын кедергіден кем болмауы тиіс.

7.2 Көп қабатты қоршау конструкциясының ауа өтуіне кедергісі жекелеген қабаттардың ауа өтуіне кедергілерінің жиынтығы ретінде есептелуі тиіс.

7.3 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың терезелері мен балкон есіктерінің, сондай-ақ өндірістік ғимараттардың терезелері мен фонарьларының ауа өтуіне кедергісі есептеу арқылы анықталатын ауа өтуіне нормаланатын кедергіден кем болмауы тиіс.

7.4 Үй-жайларды тек сорып шығаратын желдетумен жабдықтаған жағдайда, нормаланатын ауа алмасуды қамтамасыз ету үшін сыртқы қоршауларда (қабырғаларда, терезелерде) реттелетін ағындық құрылғылар қарастырылуы тиіс.

8 ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ БУ ӨТУІНЕ КЕДЕРГІСІ

8.1 Қоршау конструкцияларын қатты дымқылданудан қорғау қоршау конструкцияларын ішкі қабаттарының бу өтуіне бір өлшемді ылғал тасымалы (бу өткізгіштік механизмі бойынша жүзеге асырылатын) есебінен анықталатын, талап етілетін мәнінен кем емес кедергісімен жобалау арқылы қамтамасыз етіледі.

Қоршау конструкциясының бу өтуіне кедергісі (ішкі беттен ең жоғары дымқылдану жазықтығына дейінгі шектерде) бу өтуіне келесі талап етілетін кедергілердің ең жоғарғысынан кем болмауы тиіс:

а) бу өтуіне талап етілетін кедергінің (бір жылдық пайдалану кезеңінде қоршау конструкциясында ылғалдың жиналуына жол берілмеуі шартынан);

б) бу өтуіне талап етілетін кедергінің (сыртқы ауаның орташа айлық температуралары теріс болатын кезеңде қоршау конструкциясында ылғалдың шектелуі шартынан).

8.2 Шатыр жабыны еңістерінің ені 24 м-ге дейінгі ғимараттарда шатыр аражабынының немесе жабынның ішкі беті мен ауа қабатының арасында орналасқан желдетілетін жабын конструкциясының бір бөлігінің бу өтуіне кедергісі бу өтуіне талап етілетін кедергіден кем болмауы тиіс.

8.3 Ылғалды немесе сулы режимдегі ғимараттардың жабындарында жылу оқшаулау қабатын (жылытқышты) ылғалданудан қорғау үшін жылу оқшаулау қабатынан төменірек жерде жабынның бу өтуіне кедергісін анықтау кезінде есепке алынуы тиіс бу оқшаулауды қарастыру қажет.

8.4 Желдетілетін ауа қабаты бар аспалы қасбет жүйелерін қатты дымқылданудан қорғау үшін есепке сәйкес желдетілетін ауа қабатында «конденсаттың түзілмеуін» қосымша тексеру қажет.

8.5 Ең жоғары дымқылдану жазықтығы орташа айлық температурасы теріс кезең үшін анықталады.

8.6 Қоршау конструкцияларындағы тұйық ауа қабаттарының бу өтуіне кедергісі, осы қабаттардың орналасуына және қалыңдығына қарамастан, нөлге тең болып қабылдануы тиіс.

8.7 Қоршау конструкциясының бу өтуіне талап етілетін кедергісін қамтамасыз ету үшін конструкцияның бу өтуіне ішкі беттен ең жоғары дымқылдану жазықтығына дейінгі шектердегі кедергісін анықтау қажет.

8.8 Ылғалды немесе сулы режимдегі үй-жайларда үй-жайлар жағынан қоршау конструкциялары элементтері түйіндесулерінің (ойықтарды толтырушылардың қабырғаларға жанасатын тұстарының және т.с.с.) жылу оқшаулау тығыздағыштарының бу оқшаулауы қарастырылуы тиіс; осындай түйіндесу тұстарындағы бу өтуіне жасалатын кедергі температуралық және ылғалдылық өрістерін есептеу негізінде сыртқы ауаның орташа айлық температурасы теріс болатын кезеңде түйіндесулерде ылғалдың жинақталуын шектеу шартынан тексеріледі.

9 ЕДЕН БЕТТЕРІНІҢ ЖЫЛУ СІҢІРУІ

9.1 Тұрғын және қоғамдық ғимараттар, қосалқы ғимараттар, өнеркәсіптік кәсіпорындар үй-жайлары мен өндірістік ғимараттардың жылытылатын үй-жайлары (тұрақты жұмыс орындары бар жерлерде) едендерінің бетіндегі жылу сіңірудің есепті көрсеткіші нормаланатын шамадан аспауы тиіс.

9.2 Есептеуден кейін $Y_{еден}$ еден бетінің жылу сіңіру көрсеткішінің есепті шамасы $Y_{еден}^{тал.}$ нормаланатын шамасынан аспайтын болып шықса, онда бұл еден жылу сіңіру тұрғысынан талаптарды қанағаттандырады; егер $Y_{еден} > Y_{еден}^{тал.}$ болса, онда еденнің басқа конструкциясын әзірлеу немесе $Y_{еден} \leq Y_{еден}^{тал.}$ талаптары қанағаттандырылғанға дейін оның жекелеген қабаттарының қалыңдықтарын өзгерту қажет.

9.3 Төмендегідей еден беттерінің жылу сіңіру көрсеткіші нормаланбайды:

- а) беттік температурасы 23°C -тан жоғары;
- б) ауыр дене жұмыстары жасалатын өндірістік ғимараттардың жылытылатын үй-жайларындағы (III санат);
- в) тұрақты жұмыс істеу орындарында ағаш қалқандар немесе жылу оқшаулау кілемшелері төселетін жағдайда, өндірістік ғимараттардағы;
- г) пайдаланылуы оларда адамдардың тұрақты болуымен байланысты емес қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы (мұрағаттар мен көрмелердің залдары, театрлардың, кинотеатрлардың фойелері және т.с.с.).

9.4 Мал, құс және аң өсіретін ғимараттар едендерінің жылу-техникалық есебін қолданыстағы құрылыс нормаларының талаптарын есепке ала отырып орындау қажет.

10 ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ

10.1 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жобалық құжаттаманы әзірлеу сатысындағы энергетикалық тиімділігі сандық тұрғыдан бір градус Цельсийді құрайтын температура айырмасы кезіндегі уақыт бірлігінде ғимараттың жылытылатын көлемінің 1 м^3 -ін жылыту мен желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының шығынына тең болатын, ғимаратты жылыту мен желдетуге жұмсалатын жылу энергиясы шығынының үлестік сипаттамасы ретінде қабылданатын энергетикалық тиімділік көрсеткішімен сипатталады. Бұл көрсеткіш нормаланатын мәннен кем немесе оған тең болуы және таңдалған көлемдік-жоспарлық шешімдердің, бағдарлардың, ғимараттың қоршау конструкцияларының жылу қорғау қасиеттерінің, құрылыс ауданының климаттық жағдайларының, желдету жүйесінің негізінде, сондай-ақ басқа да энергия үнемдейтін шешімдерді қолдану арқылы анықталуы тиіс.

10.2 Тұрғын ғимараттар пәтерлерінің және қоғамдық ғимараттар үй-жайларының орташа ауа өткізгіштігі (сорып-тарататын желдеткіш саңылаулары жабық болғанда) сынақтар кезінде нормаланатын еселіктегі ауа алмасуды қамтамасыз етуі тиіс.

10.3 Ғимараттың жобасында немесе қолданыстағы ғимаратта қол жеткізілген жылыту мен желдетуге жұмсалатын энергияны тұтынудың (ғимараттың энергетикалық тиімділік көрсеткіші бойынша) энергетикалық тиімділігін бағалау үшін ғимараттың есепті энергетикалық тиімділік көрсеткішінің нормаланатын (базалық) шамадан ауытқуынан %-бен есептелетін ғимараттардың энергетикалық тиімділік сыныптары белгіленген.

10.4 Жобалау сатысында «**D** – төмендетілген және **E** – төмен» сыныптарын беруге болмайды. «**A** – өте жоғары, **B** – жоғары, **C** – қалыпты» сыныптарын жобаны әзірлеу сатысында жаңадан салынатын және қайта құрылатын ғимараттар үшін белгілейді және кейіннен оларды пайдалану нәтижелері бойынша нақтылайды. «**A**, **B**» сыныптарына жету үшін жобалау мен құрылыс салуға қатысушыларды экономикалық ынталандыру шараларын қолдану ұсынылады. «**D**, **E**» сыныптарын 2000 жылға дейін салынған ғимараттарды пайдалану кезінде осы ғимараттарды қайта құру шараларын және олардың кезектілігін анықтау мақсатында белгілейді.

10.5 Жобалау сатысындағы ғимараттың энергетикалық тиімділік сыныбы, ғимараттың үлгісі мен пайдаланылу мақсатын есепке ала отырып, жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының үлестік шығынын көрсететін, энергетикалық тиімділік көрсеткіштерінің есепті және нормативтік мәндерін салыстыруға (ауытқу шамасын анықтауға) негізделе отырып, анықталуы тиіс.

10.6 Құрылысы аяқталған немесе қайта құрылып біткен ғимаратты пайдалануға тапсыру-қабылдау кезіндегі энергетикалық тиімділік сыныбы үйдің нормаланатын энергетикалық көрсеткіштерін, соның ішінде тұрақтанған жылыту кезеңіне қайта есептелген, жылыту мен желдетуге жұмсалған үлесті энергия тұтынуды міндетті есеп-эксперименталдық бақылау нәтижелерінің негізінде белгіленеді.

10.7 Қолданыстағы ғимараттардың энергетикалық тиімділік сыныбы, пәтерлерде немесе қоғамдық мақсаттағы үй-жайларда ауа-жылу режимі қамтамасыз етілген жағдайда, жылыту кезеңі ішінде ғимаратты жылыту мен желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының тұрақтанған нақты үлестік шығынының %-дардағы ауытқу шамасын базалық деңгейдегі талаптармен салыстыру арқылы энергетикалық тексеру нәтижелері бойынша анықталады.

10.8 Энергетикалық тиімділік сыныбы қалыпты («**C**» сыныбы) көп пәтерлі үйлер үшін құрылыс салушы осы талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін мерзім оларды пайдалануға енгізген сәттен бастап бес жылдан кем емес мерзімді құрауы тиіс. Энергетикалық тиімділік сыныбы жоғары («**B**» сыныбы) және энергетикалық тиімділік сыныбы өте жоғары («**A**» сыныбы) көп пәтерлі үйлер үшін мұндай талаптардың орындалуын құрылыс салушы пайдаланудың алғашқы он жылы ішінде қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте барлық жағдайларда құрылыс салушы үйді пайдалануға тапсыру-қабылдау кезінде үйдің нормаланатын энергетикалық көрсеткіштерінің міндетті есеп-эксперименталдық бақылауын жүргізуге, сондай-ақ оларды кейіннен бес жылда бір реттен кем емес растап отыруға жауапты болады. Үйді пайдалануға тапсыру-қабылдау кезінде есеп-эксперименталдық бақылау жүргізу мен энергетикалық тиімділік сыныбын беру құрылыс салушы қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады.

11 ҒИМАРАТ ЖОБАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

11.1 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың энергетикалық төлқұжаты жылу энергетикалық тиімділіктің үлестік көрсеткішінің, басқа да үлестік сипаттамалардың және ғимарат қоршауларының жылу қорғау сипаттамаларының осы нормаларда белгіленген көрсеткіштерге сәйкестігін растауға арналған.

11.2 Энергетикалық төлқұжат жаңа, қайта құрылатын, күрделі жөндеуден өтетін

ҚР ҚН 2.04-03-2011

тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жобаларын әзірлеу кезінде, ғимараттарды пайдалануға қабылдау кезінде есеп-эксперименталдық бақылау жүргізгенде, сондай-ақ салынған ғимараттарды пайдалану кезінде энергетикалық тиімділік сыныбын растау барысында толтырылуы тиіс.

Бөліктелген ғимараттарда жеке-жеке пайдалануға арналған пәтерлер үшін энергетикалық төлқұжаттарды жылыту жүйесі ортақ бөліктелген ғимараттарға арналған, жалпы алғандағы ғимараттың ортақ энергетикалық төлқұжатына сүйене отырып, алуға болады.

11.3 Ғимараттың энергетикалық төлқұжаты пәтер жалдаушылар мен пәтер иелеріне, сондай-ақ ғимараттың меншік иелеріне көрсетілетін коммуналдық қызметтер үшін есеп айырысуға арналмаған.

11.4 Ғимараттың энергетикалық төлқұжатын:

а) жобаны әзірлеу сатысында және нақты алаң жағдайларына байланыстыру сатысында – жобалау ұйымы;

б) құрылыс объектісін пайдалануға тапсыру сатысында – ғимаратты салу кезінде жіберілген бастапқы жобадан ауытқуларды талдау негізінде жобалау ұйымы толтыруы тиіс. Бұл ретте:

- техникалық құжаттама мәліметтері (атқару сызбалары, жасырын жұмыстар актілері, төлқұжаттар, қабылдау комиссияларына берілетін анықтамалар ж.т.б.);

- жобаға енгізілген өзгертулер және құрылыс барысында рұқсат берілген (келісілген) жобадан ауытқулар;

- техникалық және авторлық қадағалаудың объекті мен инженерлік жүйелердің жылу-техникалық сипаттамаларын сақтауларын ағымдағы және мақсатты тексеру қорытындылары есепке алынады.

Қажет болған жағдайда (жобадан келісілмеген ауытқу, қажетті техникалық құжаттаманың болмауы, ақау), тапсырыс беруші мен уәкілетті орган қоршау конструкцияларының сынақтарын жүргізуді талап етуге құқылы;

в) құрылыс объектісін пайдалану сатысында – ішінара және ғимаратты бір жыл пайдаланғаннан кейін толтыру қажет. Қолданыстағы ғимаратты энергетикалық төлқұжатты толтыру, толтырылған төлқұжатты талдау және қажетті шаралар туралы шешім қабылдау үшін тізімге енгізу белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

11.5 Ғимарат жобасының энергетикалық төлқұжаты ғимарат жобасы туралы келесі мәліметтерді мазмұндауы тиіс:

– жалпы ақпаратты;

– есепті климаттық жағдайларды;

– геометриялық көрсеткіштерді;

– қоршау конструкцияларының жылу қорғау көрсеткіштерін;

– жылу-энергетикалық көрсеткіштерді;

– жекелеген техникалық шешімдерді сипаттайтын коэффициенттерді;

– жылу энергетикалық тиімділіктің үлесті көрсеткішін;

– жылу энергетикалық тиімділік көрсеткіштерін;

– ғимараттың үлестік сипаттамаларын (жылу қорғау, желдету, тұрмыстық жылу бөлу, ғимаратқа күн радиациясынан берілетін жылу);

- жылдық энергия және ресурстар шығындарын;
- түсіндірме жазбаны.

11.6 Ғимарат жобасының энергетикалық төлқұжаттарын пайдалы ауданы пәтерлердің ауданының 20 % асатын кіріктіре-жалғастыра салынған тұрғын емес үй-жайлары бар тұрғын ғимараттар үшін және кіріктіре салынған үй-жайлармен біріктірілмеген, қоғамдық мақсаттағы жалғастыра салынған үй-жайлар үшін тұрғын бөлігі және тұрғын емес үй-жайлары бойынша жеке-жеке құрастырады.

Ғимарат жобасының энергетикалық төлқұжатын ауданы кішірек кіріктіре-жалғастыра салынған үй-жайлары бар тұрғын ғимараттар үшін бірыңғай етіп құрастырады.

ӘОЖ 699.86

МСЖ 91.120.10

Негізгі сөздер: жылу қорғанысы, жылу беру, жылу тұрақтылығы, жылу инерциясы, ауа өткізгіштік, бу өткізгіштік, жылуды сіңіру

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	2
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ. ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	4
4.1 Цель.....	4
4.2 Функциональные требования.....	4
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ.....	5
6 ТЕПЛОУСТОЙЧИВОСТЬ ОГРАЖДАЮЩИХ КОНСТРУКЦИЙ В ТЕПЛЫЙ ПЕРИОД ГОДА.....	7
7 СОПРОТИВЛЕНИЕ ВОЗДУХОПРОНИЦАНИЮ ОГРАЖДАЮЩИХ КОНСТРУКЦИЙ	8
8 СОПРОТИВЛЕНИЕ ПАРПРОНИЦАНИЮ ОГРАЖДАЮЩИХ КОНСТРУКЦИЙ.....	8
9 ТЕПЛОУСВОЕНИЕ ПОВЕРХНОСТИ ПОЛОВ.....	9
10 ОЦЕНКА ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЗДАНИЙ.....	10
11 ТРЕБОВАНИЯ К ЭНЕРГЕТИЧЕСКОМУ ПАСПОРТУ ПРОЕКТА ЗДАНИЯ.....	11

ВВЕДЕНИЕ

Настоящие строительные нормы устанавливают основные положения, а также требования к проектированию тепловой защиты строящихся, реконструируемых жилых, общественных, производственных, сельскохозяйственных и складских зданий.

Настоящие строительные нормы устанавливают к проектируемым зданиям:

- цель нормативных требований;
- функциональные требования;
- требования к рабочим характеристикам.

Настоящие строительные нормы вводятся в действие для применения на обязательной основе в качестве нормативного документа Республики Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТЕПЛОВАЯ ЗАЩИТА ЗДАНИЙ

THERMAL PROTECTION OF BUILDINGS

Дата введения 2015-07-01

1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

